



РЕСМИ

## Аппарат басшысы тағайындалды

Кеше Қарағанды облысы әкімі аппаратының басшысы қызметіне Ерлан Сағындықұлы Ғалиев тағайындалды. Осы тағайындауға дейін ол Атырау облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметін атқарған.



Ерлан Ғалиев 1982 жылы Қарағандыда дүниеге келген. Еңбек жолын 2004 жылы Қарағанды облысы Әділет департаментінің жетекші маманы болып бастады, сондай-ақ, осы ведомствода бас маман, бөлім бастығы болып жұмыс істеді.

2008 жылдан 2011 жылға дейін Теміртау қаласы әділет басқармасы бастығының орынбасары, Қарағанды облысы Абай ауданы әділет басқармасы бастығының орынбасары болды.

Содан кейін Шахтинск қаласы әкімінің кеңесшісі, қала әкімі аппаратының басшысы болып жұмыс істеді.

2015 жылдан 2018 жылға дейін Атырау облысы әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар бөлімін басқарды.

2018 жылдың наурыз айынан қазіргі уақытқа дейін Атырау облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметін атқарды.

Ерлан Ғалиевтің заңгер, құқық магистрі, экономика бакалавры мамандығы бойынша үш жоғары білімі бар. 2003 жылы Қазақ мемлекеттік заң академиясын, 2006 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін және 2012 жылы Қазіргі заманғы гуманитарлық-техникалық институтты бітірген.

Өз тілшімізден

**Құрметті оқырмандар!**  
Газет уақытында жеткізілмесе, төмендегі телефон номерлеріне хабарласыңыздар:

**8-778-846-00-01 БОТАҚӨЗ**  
**8-705-902-04-05 НҮРСҮЛУ**

немесе редакцияның электрондық поштасына хат жолдаңыздар:  
**ORTALYK.KZ@GMAIL.COM**

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

## Қайтқан жерде қайыр бар

Ауылдағы жұрттың қазір қасыса қаны, қасымаса жаны шыққан мәселесі – жайылым. Малсақ ағайынның мұны – жер. «Аспаннан кнзі жауса да, кедейге ұлтарақ бұйырмайтыны» секілді кезінде жарықтық жер күлше бөліске түскенде, қараша халық сол күлшеден көп қағылған. Сондықтан да, бұқараның өкпесі қара қазандай. Алдындағы ақ адал малына қоң бітірер ну мен су тимеген соң тістеніп, тырбанып, тұрмыс кешкен ел. Бұдан кейін өкпелемей қайтсін енді?! Бірақ, ел ішіндегі латифундистердің «шөп қорыған ит» тірлігі енді-енді тыйылып келеді. Президент тапсырмасынан соң. Өзіне, не өзгеге көзі қимаған игерілмеген жерлер ел игілігіне қайтарыла бастады.

Дәл осы жерге қатысты дау Нұра ауданы Құланөтпес ауылында туды. Жайылым жайы туралы бір топ ауыл тұрғынынан шырылдаған шағым түсті. Ол шағымда ауыл адамдары округ іргесіндегі көлемді шабындықтың сырттағы біреуге жалға берілетіндігіне наразы. Жайылым жетпей жатқанда, ботеннің былайша баса көктеуі ондағы бұқараның жанына тиіпті. Астанадан келген айдаладағы біреудің жер алуына қарсылық білдіріп, жалма-жан дабыл қақты.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



**Құланөтпестіктер неге алаң?**  
Баспасөзге үміт артқан ағайынның арызы мынадай...

«Мал жаятын жайылым жер қалмады. Дәл ауылдың іргесіндегі, сулы, шабындық жерді Астанадан келген біреуге жергілікті несі сатып жатыр. Егер ол берілсе, ауыл малын жаятын жер қалмайды, сол жерден мал суаратын едік. Бұл Сәрсекей деген жер, тағы Мөнек деген жерді де сатып жатқан көрінеді. Кезінде меншіктеп алғандар оны пайдаланып жатқан жоқ» дейді ауылдықтар арызында. Біз тікелей сөйлескен ауыл адамдары да мұны растады. Қайсыбірі есімін атаудан қашақпағанымен, ақиқаты осы екен. Шынымен, жерге қатысты дау шыққан.

Құланөтпес ауылы Қарағандыдан 400, Астанадан 200 шақырым қашықтықта орналасқан. Ауылда 356 адам тіршілік етеді. Өткен ғасырдың елуінші жылдары бой көтерген жаңа ауыл болғанымен, тоқсаныншы жылдардың жылымығында жүдеген көп ауылдың бірі.

Негізі, Құланөтпес селолық округінде жалпы 144017 гектар жер бар. Ауыл әкімі Ардақ Әбеновтің айтуынша, оның шабындығы – 6094 гектар. Жайылымдығы – 134223 гектар. Ал, осы Құланөтпес селолық округіне қарасты Құланөтпес, Ақтүбек, Нығыман елді мекендерінің жер

аумағы – 39828, 44 гектар шамасында. Елді мекенде 1029 ірі қара, 1700 қой, 1584 жылқы бар.

Ауыл әкімінің мәлімдеуінше, ауыл тұрғындарының мал жайылымы жеткілікті. Жер ешкімге де берілмейді. Ендеше, ауыл адамдарының арызына не себеп? Әкім мырза оған былай уәж айтады...

«Халық дұрыс түсінбеген. Әйтпесе, жер ешкімге де берілмейді. Нұра ауданының жер қатынастары бөлімі бұл туралы хабардар. Бір шаруа қожалығының үш мың гектар жері бар еді. Сол жерді ел ішінде сырттағы бір адамға сатады деген сөз шыққаны рас. Ол дұрыс түсінбеушілік. Ауылдың қоғамдық кеңес мүшелерімен және ауыл тұрғындарымен сөйлестік. Үш мың гектар жердің иесі А.Алиев техникасы ескі болған соң басқа біреуге шөп шауып беруге өтініш айтқан. Оған біз келіскен жоқпыз. Мен ауыл әкімі ретінде өз техникасы жарамаса, ауыл тұрғындарының техникасын ұйымдастырып, шабуға көмектесеміз деп келістіргенбіз. Ауылда жылда солай ұйымдастырып келеміз. Жер ешкімге де берілмейді, де сатылмайды да», – дейді ауыл әкімі.

**Қоғамдық кеңес бір пәтуаға келді**  
Осы орайда ауылдық қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесу өтті. Кеңес мүше-

лері шаруа қожалығы жерін өзі пайдалануы керек. Егер, игермесе, ауылдық округке қайта тапсырсын деген тастүйін пәтуаға келіп отыр.

– Құланөтпес ауылдық округіне қарасты үш елді мекенде 31 шаруа қожалығы тіркелген. Бүгінгі күні жұмыстарын жүргізіп жатыр. Құланөтпес ауылындағы «Алиев А.Т» фермерлік қожалық басшысы Азамат Алиев иелігіндегі жер теліміндегі шабындық жерлерін Астана қаласы тұрғыны М.Айтпаевқа шөп шабуға беруге байланысты дау туындады. Осыған орай қоғамдық кеңес мүшелерінің пікірі, шешімі сұралды, – дейді әкім. Ауылдағы ағайын жердің біреуге не мақсатпен де берілуіне келіспейді. Олар әркім өз иелігіндегі жерін игерсін деседі. Әйтпесе, кері қайтаруы қажет. Қоғамдық кеңестің төрағасы М.Жүнісов әр шаруашылық жерін мақсатына сай қолдануы керектігін айтады.

– Бұл заңда да көрсетілген. Қазір жерді тиімді пайдалануға мүмкіндіктер бар. Мал басын көбейтуге несиелену, көпжылдық шөп егіп, мал азығын дайындауға болады, – дейді М.Жүнісов.

Қоғамдық кеңес мүшелері де осы пікірде. Яғни, әркім жерін мақсатты пайдалануы тиіс. Олай етпесе, жер қорына, округ иелігіне беруі керек шаруа қожалықтары.

Бұл ұсыныс орынды деп білеміз. Шаруашылық ашқан соң мақсатты пайдалану керек. Егер, белгілі бір себептермен дұрыс қолданбаса, онда мемлекетке, округке қайтарылсын. Ауыл тұрғындарына шабындық қажет екені бәрімізге белгілі, – дейді кеңес мүшесі К.Шәйкенов.

Сонымен, құрамы алты ауыл адамынан жасақталған кеңес бір ауыздан осындай шешімге келді. Демек, дауға тосқан үш мың гектар жерді несі игереді. Болмаса, ол округке қайтарылады. Халықтың келген байламы. Оның нәтижесін алдағы уақыт көрсетеді енді.

Ауыл әкімінің мәлімдеуінше, жайылымнан негізі кемдік көрер жері жоқ ауылдың. Былтыр ауыл маңындағы 9 мың гектар жайылымдық жер округ балансына 4 жыл 11 айға беріліпті.

**Бос жердің басым бөлігі – жайылым**

Ауыл маңының тулақ сүйрегендей тақырлығы талай айтылып, ақыры кейінгі жылдары ғана тындар құлақ табылғаны белгілі. Ауылдағы малдың қоңсыз, аш-арықтығы да жердің жетіспеушілігі. Одан қалса, қуансыздығы екені бесенден белгілі. Жер қатынастары басқармасы бұл бағытта халықты жайылымдық жерлермен қамтамасыз ету үшін облыста 300 мың гектар аумақты бірлесіп пайдалану туралы меморандумдар жасалғанын алға тартады.

Оның ішінде, Абай ауданында – 9 мың гектар, Бұқар жырау ауданында – 9 мың гектар, Қарқаралы ауданында – 141 мың гектар, Нұра ауданында – 111 мың гектар, Осакаров ауданында – 13 мың гектар, Шет ауданында – 17 мың гектар жер бар.

Бұған қоса, 232 мың гектар аумақта шалғайдағы жайылымдар ұйымдастырылыпты. Халық мал жаюы үшін 252 мың гектар жер ауылдық округ әкімдеріне уақытша өтеусіз пайдалануға берілген.

Жалпы, жер қатынастары басқармасының мәлімдеуінше, 2022 жылы облыс бойынша мемлекет меншігіне 1 миллион 232 мың гектар жер қайтарылған екен. Оның 16,1 мың гектары – егістік, 1 миллион 200 мың гектары – жайылым. Мұның 1 миллион 71 мың гектары ерікті негізде, 29,7 мың гектары сот шешімімен кері қайтқан.

Облыста 2023 жылға арналған пайдаланылмайтын жерді алу жоспары – 580 мың гектар. Бос жерлердің басым бөлігі жайылым екен.

**Түйін**

Не десек те, мал баққан елдің түсіне жайылым жиі кіреді. Өйткені, қоралы қой, үйір жылқы, табын сиырын жаятын жерден әбден запы болғаны өтірік емес. Ел тұрмытай тұсы, балалаң басына кеткен кездегі мындаған гектар жерді «бөліп ал да, билей бер» қағидатының салдары осыған әкелді. «Малын жанының, жанын арының садақасына» байлаған ауылдағы ағайынның бүгінгі жайы да, зары да осы болып тұр...

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – қағидаты арқылы ел Еділді ең жайлағанда да, ешкімнен теперіш көрмей түлігін өргізер күн туарына да осындайда сенгінсіз келеді...



## Шинаның жаңа түрі шығарылады

Сараңдағы шина зауытының әлеуеті зор. Бұл – автомобиль шиналарын шығаратын елдегі алғашқы зауыт. Бұрын резеңке өнімдері толығымен импортталған. Кәсіпорын құрылысы 2021 жылдың сәуірінде басталды. Бірлескен жобаның екінші кезеңінде резеңке-техникалық бұйымдар өндірісін бастау жоспарлануда. Үшінші кезеңінде ауыл шаруашылығы техникасына арналған шиналар шығару көзделген.



«Татнефть» ЖАО 2026 жылға қарай Атырау облысында бутадиенді каучук өндірісін құра отырып, шина кешені үшін шикізат өндірісін жасақтауды жоспарлап отырғанын атап өтті.

Еске салайық, 2021 жылдың қараша айында «Татнефть» және «ҚазМұнайГаз»

бірлесіп «Бутадиен» ЖШС кәсіпорнын құрған. 2026 жылы «Ұлттық индустриалық мұнай-химия технопаркі» АЭА аумағында қуаттылығы жылына 180 мың тоннаға дейін бутадиең және бутадиең каучуктары бар өндірістерді іске қосуды жоспарлады.

– Сыртқы нарықтарға шығу арқылы KamaTyres KZ шиналар нарығындағы жаңа мықты ойыншыға айналуға. Сараңдағы іргелі өндіріс ошағының құрылысы Қарағанды облысының ғана емес, жалпы Қазақстанның экономикасына мультипликативті әсер етеді. Кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жаңа жоғары білікті жұмыс орындарын ашады. Жаңа өндіріс нысаны өңірдегі ең ірі зауыттардың біріне айналады. Оның өнімдері жоғары экспорттық әлеуетке ие болады. Түпкі нәтиже кешен бөлімшелерінің құрылыс қарқынымен және қуатымен ғана емес, сонымен қатар, жабдықты жеткізу қарқынымен де анықталады. Мәселен, өте ұзақ уақытты талап ететін өндірістік үдерістер бар. Кез келген станокты іске қосу, бақылау, керекті концентрат ала білу аса маңызды. Осы арқылы Қазақстанда В+ сапалы шиналардың жаңа түрін шығарудың көкжиегі алыс емес. Жаңа жабдық қолымызға тиген соң, демек, жоғары сапалы өнім де елге пайдасын тигізеді, – дейді цех қызметкері Ақылбек Имамағзам.





## ● ТАҒАЙЫНДАУ

## Басқармада – жаңа басшы

Кеше Қарағанды облысы дін істері басқармасының басшысы қызметіне Жанболат Ахуаңұлы Сектай тағайындалды.



Жанболат Сектай 1992 жылы Қарағанды облысының Нұра ауданында дүниеге келген. Екі жоғары білімі бар.

2013 жылдан бастап мемлекеттік қызметте. Нұра ауданы Кертінді ауылы әкімінің аппаратында жетекші маман болып еңбек жолын бастаған. Нұра ауданы әкімінің аппаратында, Қарағанды облысының конфессияаралық қатынастар проблемаларын зерделеу және талдау бөлімінің және орталығының басшысы, Қарағанды облысының дін істері басқармасының бас маманы, кейін осы ведомствоның бөлім басшысы болып жұмыс істеді.

2020 жылдан 2022 жылға дейін облыс әкімі аппаратының терриоризмге қарсы комиссия бөлімін, 2022 жылдың тамызынан бастап осы тағайындауға дейін ұйымдастыру-инспекторлық бөлімді басқарды.

Өз тілшімізден

## ● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

## Ауқымды жобалар қолға алынады

Бұқар жырау ауданына жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев «Майқұдық жұмыртқалары» құс фабрикасының жұмысымен танысты. Аталған аудандағы Доскей ауылындағы кәсіпорын өткен жылы жұмысын қайтадан бастаған болатын. Өндірісті жаңғыртуға 1 млрд. теңгеден астам қаржы салынды. Сәйкесінше, облыста жұмыртқа өндірісі ұлғаяды. Сондай-ақ, өңірдегі ілгері аудан саналатын Бұқар жырау ауданындағы ауыл тұрғындарын жайылыммен қамтамасыз ету бойынша пилоттық жоба іске қосылатынын да айту керек. Атап айтқанда, Белағаш, Көкпекті, Тоғызқұдық, Баймырза және Жанаталап ауылдық округтерінде керекті инфрақұрылымы бар жайылым алаңдары пайда болады.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Зауыттың даму жоспарымен танысқан облыс әкімі өнім өндірісі біртіндеп өсіп келе жатқанын мәлімдеді. Зауыт Қарағандының сауда желілеріне арзан бағамен жұмыртқа жеткізеді және алдағы уақытта көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Яғни, өндіріс қуаттылығы – жылына 100 миллион жұмыртқа және шамамен 600 мың тауық.

Құс фабрикасында жұмыртқа тасымалдайтын «Анаконда» атты автоматтандырылған жүйе қол жұмысты азайтуға мүмкіндік береді.

Цехтардан шыққан жұмыртқа автоматты транспортер бойынша сұрыптауға түседі.

Ал, балапан үшін жаңа желілер мен инкубация цехы іске қосылды. Кәсіпорында қазір 100 адам жұмыс істейді. Өндірісті кеңейту арқылы қосымша жұмыс орындары да ашылады.

Сондай-ақ, аймақ басшысына Бұқар жырау ауданында ауыл тұрғындарын жайылыммен қамтамасыз ету бойынша пилоттық жоба туралы да баяндалды.

Жайлауда қашалар жасалады,

ветеринариялық іс-шараларға арналған вагондар орнатылады және сумен қамтамасыз етіледі. Ол үшін аудандық бюджеттен 93 млн. теңгеден астам қаржы бөлінген. Одан бөлек, пайдаланылмаған жерлерді анықтау жалғасуда.

– Бұқар жырау ауданы – облысымыздағы ең ірі аудандардың бірі. 58 мың адам тұрады. Жайылымдар мен шабындық алқаптардың жетіспеушілігі барлық жерде байқалады. Аудан тұрғындары бұл мәселені үнемі көтеріп келеді. Сонымен қатар, пайдаланылмайтын



жер учаскелерін алу бойынша сапалы жұмыс жүргізу қажет, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Ауданда су құбыры желілерін жөндеу жалғасуда. Суықсу, Төрткөл, Семізбұғы және Үлгі ауылдарын сумен қамтамасыз ету жұмыстары аяқталады.

Жол инфрақұрылымының сапасын жақсарту бойынша көптеген жоспарлар бар. Ауданның 15 елді мекенінде 50 шақырым кірме жолдар мен кентшілік жолдарды жөндеуге ақша бөлінген.

Бұқар жырау ауданына жұмыс сапары барысында өңір басшысы бірнеше әлеуметтік нысанды аралады. Олардың ішінде, Ботақара кентіндегі Юрий Гагарин атындағы жалпы білім беретін мектеп бар. 1976 жылы салынған мектеп ғимараты жөндеуі тиіс. Мектеп басшысы Сағынш Төлеуханова барлық желілерді ауыстыру және іргелес аумақты абаттандыру қажет екенін айтады.

Аудан әкімі Нұркен Қобжанов білім беру ұйымдарында жоспарланған құрылыс және жөндеу жұмыстары туралы айтты. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша былл Доскей, Үштөбе ауылдары және Нұра станциясында 300 орындық оқу орындары салынады. Новостройка ауылында 150

орындық мектептің құрылысы аяқталады. Доскей ауылының орта мектебінде және Ботақара кентінің «Балдәурен» балабақшасында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Сондай-ақ, облыс әкімі «Руханият» қосымша білім беру орталығында болып, оқушыларға арналған технопарктің жұмысымен танысты.

Аймақ басшысы Доскей ауылындағы иесіз қалған үш бес қабатты үйді аралап көрді. Олардың екеуін күрделі жөндеуге мемлекеттік сараптама қорытындысы бар. Сондай-ақ, 90 пәтер қалпына келтіріледі.

Облыс әкімі Ғабиден Мұстафин кентінде де болды. Оған екі нысанның құрылысы туралы баяндалды. Олар – ДСК және Нұра өзені арқылы өтетін көпір. Жаңа көпір Теміртауға дейінгі қашықтықты 11 шақырымға дейін қысқартады.

Облыс басшысы аудан әкіміне құрылысты бақылауға алуды тапсырды. «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасын кешенді түрде жүзеге асыру қажет екенін атап өтті. Жоба аясында бір ауыл толық абаттандырылады.

Суреттерді түсірген  
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

## ● ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – БАЯНДЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫ

## Балаға қамқорлық – елге қамқорлық

Қоғамның басты тірегі – адам. Құндылығы – отбасы. Берекесі – бала-шағасы. Яғни, біздің еліміз үшін басты байлық көпбалалы отбасы деп толық айта аламыз. Қоғамның осы бір маңызды тобының әлеуметтенуі мемлекеттің басты назарында. Көпбалалы отбасыларды қолдау мемлекет қабылдаған әлеуметтік бағдарламалар арқылы жүйелі жүзеге асады.

Сағынш ӘБІЛ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпаратына сәйкес, елімізде көмелет жасына толмаған төрт және одан да көп баланы асырап отырған 450 мыңға жуық отбасы бар.

Көпбалалы отбасыларды қолдаудың кешенді моделі құрылып, жүзеге асырылуда. Нақтырақ айтқанда, мемлекеттік жәрдемақылар, әлеуметтік төлемдер, жұмыспен және баспанамен қамту шаралары, түрлі жеңілдіктер жан-жақты қарастырылған. «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» үшін де қосылатын үстеме әр баланың

нәпақасы десе де болады. 2021 жылдан бастап «Әлеуметтік пакет» көмегі іске қосылды. 1-18 жасқа дейінгі балалар жас ерекшеліктеріне қарай тамақтануы, гигиеналық заттар мектеп формасы, жолақысымен қамтамасыз етілді. «Көпбалалы ана куәлігі» түрлі жеңілдіктерге жол ашты.

– Ана мен бала – көпбалалы отбасын құраушы болса, әке – қорғаны. Бұларды бір-бірінен бөле-жару мүмкін емес. Осы бір бүтін әлеуметтік топтың мүддесін қорғау, олардың мұн-мұқтажына құлақ асумен қатар, қолдауды

«Шаңырақ» көпбалалы отбасын қолдау орталығы жүйелі түрде іске асырып келеді. Орталықта материалдық көмектен бөлек, психологиялық және заңгерлік кеңес те беріледі. Әрі орталықтың жер-жерде бөлімдері ашылып, шалғайдағы көпбалалы отбасылардың да мүддесін қорғауға жұмыла жұмыс жасап жатырмыз. Олар үшін мемлекеттің көмегі орасан зор. Туғанынан бастап, өз қолы өз аузына жеткенге дейін, яғни өз бетінше тіршілікке бейімделгенге дейін мемлекет қорғап, қолдап отырады. Олардың тапқан табысы-

на қарамастан әр балаға берілетін төлем, атаулы әлеуметтік көмек, тегін тамақтану, тегін киім-кешек, жүріп-тұруы мен оқу ақысына дейін мемлекет шама-шарқынша демеп отырады. Яғни, әлеуметтік бағдарлама көпбалалы отбасын әлеуметтендіруге жұмыс жасап жатыр, – дейді орталық жетекшісі Ләззат Қожахметова.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүніспекованың газет бетіне шыққан есебіне сүйенетін болсақ, өткен жылы «Атаулы әлеуметтік



көмек 2679 отбасына яғни 12243 адамға тағайындалған. Оның ішінде 932-сі көпбалалы отбасы. 897,7 млн. теңге қаражат қарастырылған».

Көпбалалы отбасы үшін басты мәселе – баспана. Осы орайда тұрғын үй жеңілдігі де қарастырылған. Балабақшаға түру кезегі, коммуналдық төлемдерге жеңілдік те әлеуметтік қолдаудың бір түрі.

– «Күміс алқа» иегерімін. Алты баланың анасымын. Кезекке тұрып, көпбалалы отбасы ретінде пәтер алдым. Балаларыма төленетін жәрдемақы мен «Күміс алқаға» төленетін қаражат тағы бар. Өзім Қарқаралы аудандық «Шаңырақ» көпбалалы отбасын қолдау орталығының кеңесшісімін. Өңірде көптеген жұмыстар жүзеге асып жатыр. Мәселен, «Асар Уме» қоры арқылы көпбалалы екі отбасына пәтер алынды, – дейді Гүлнар Махмудова.


Көпбалалы отбасына қамқорлық мемлекеттің өскелең ұрпақ алдындағы ізгі парызы. «Үлкеннің мыңына бергенше, баланың біріне бер» демекші, егемен елдің ертеңі өскелең ұрпақтың алаңсыз өсуіне жағдай жасау мемлекет алдында тұрған мерейлі міндет.

## ● COVID-19

## Эпидемиологиялық жағдай

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегі бойынша, 5 ақпанда ел көлемінде 33 адамнан коронавирус анықталған. Оның 10-ы Қарағанды облысында тіркеліп отыр. Тәулік сайын аймақта орта есеппен 10-ға дейін жаңа жағдайлар тіркелуде.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, өткен аптада 75 адам, оның алдыңғы аптасында 64 адам ауырған. Сырқаттанушылық 17,1%-ға өскен.

Жыл басталғаннан кешегі күнге дейін аймақта барлығы 330 адамның індет жұқтырғаны белгілі болды. Олардың көпшілігінде, нақтыласақ, 95,5%-ында сырқат белгілері байқалған.

Пандемия басталғаннан бері облыс көлемінде 162 224 адамның коронавируспен ауырғаны зертханалық дәлелденді. Республика бойынша 1 406 206 адам ауырды. 5 ақпанда коронавирусты пневмониямен ауырғандар тіркелген жоқ. Онымен осы уақытқа дейін 90 724 адам ауырды. Министрлік тараптан мәліметке сәйкес, 1 562 адам коронавирус инфекциясынан емделіп жатыр. Олардың ішінде, 121 пациент – стационарда, 1 441 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда. Дәрігерлер жеті адамның жағдайы ауыр екенін айтады. Сондықтан, гигиеналық ережелерді сақтап, көпшілік жерде маска таққаны абзал.

Өз тілшімізден

## ● КОНФЕРЕНЦИЯ

## Бас редакторлар бас қосты

Жақында «Бас редакторлар клубы» республикалық қоғамдық бірлестігінің есеп беру-сайлау конференциясы өтті. «Бас редакторлар клубы» – 2007 жылы құрылған, құрамына Қазақстанның 250-ден астам бұқаралық ақпарат құралының бас редакторлары мен жетекшілері кіретін ерікті қоғамдық бірлестік. Клубтың негізгі мақсаты – мемлекеттегі шығармашылық ахуалды нығайту, бұқаралық ақпарат құралдары арасында тиімді бәсекелестікті күшейту, қоғамда ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайту.

Конференция барысында клубтың құрылған күнінен бастап атқарған жұмысына шолу жасалып, есепті кезеңде ұйымдастырған іс-шаралар туралы белгілі журналист, медиаменеджер, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Ұлттық Құрылтай төрағасының орынбасары, «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің президенті Бибігүл

Жексенбай баяндады. Басқосуға қатысқан әріптестердің сұрақтарына жауап қайтарып, клуб мүшелерінің ұсыныс-пікірлері тыңдалды.

Есеп беру-сайлау конференциясы соңында қоғамдық бірлестіктің жаңа құрамдағы басқарма мүшелері мен жаңа атқарушы директоры сайланды. Бас редакторлар клубының пре-



зиденті болып Бибігүл Жексенбай қайтадан сайланып, клубтың атқарушы директоры болып Халықаралық Телевидение және радио академиясының академигі, белгілі журналист Махат Са-

дықтың кандидатурасы бірауыздан қолдау тапты.

Конференция жұмысы барысында ҚР Ақпарат және радио академиясының академигі, белгілі журналист Махат Са-

дықтың кандидатурасы бірауыздан қолдау тапты. Конференция жұмысы барысында ҚР Ақпарат және радио академиясының академигі, белгілі журналист Махат Са-

дықтың кандидатурасы бірауыздан қолдау тапты.



|  |  |
|--|--|
|  <p><b>«KazTransOil» АҚ</b> Қарағанды және Улытау облыстарының аумағында «Павлодар-Шымкент», «Құмкөл-Қараойын», магистральды мұнай құбырлары, ТООБЖ байланыс желілері салынғанын, олар шахырмалдық бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгенін ескертеді.</p> <p><b>ҚР-ның «Магистральдық құбыр туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленді:</b></p> <p>1) Мұнайды тасымалдайтын магистральды мұнай құбыры трассасы бойында – құбыр осінің әрбір жағынан <b>50 метр</b> жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр осінің әрбір жағынан <b>25 метр</b> жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі;</p> <p>2) Бір техникалық дәлдеге төселген көл желілі құбырлардың трассалары бойында – шешкі құбырлардың осілерінен 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;</p> <p>3) суыты откелдері бойында – откелдердің шешкі желілері осілерінің әрбір жағынан <b>100 метрге</b> кейін қалатын қатар жазықтықтар арасында орналасқан су бөлініс түбіне дейінгі су кеңістігі учаскесі түрінде;</p> <p>4) өнімді авариялық шығару арнаған жер қамбалары төңірегінде – аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа <b>50 метрге</b> кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде;</p> <p>5) бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар паретері, компрессорлық және газ тарату станциялары, өнім өлшеу тораптары, құю және қотару эстакадалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қалдыру пункті төңірегінде – аталған объектілер аумақтарының шекарасынан барлық жаққа <b>100 метрге</b> кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады</p> <p>6) орманы жоқ учаскелерде елді-мекендерден тыс орналасқан жер асты көбілді және әуе байланыс желісі мен радиофикация – жерасты кабель трассасы немесе шешкі әуе желілері сымдарының әрбір жағынан кемінде <b>2 метр</b> қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленгені осы желілері бойымен жер учаскесі түрінде.</p> <p><b>ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚУБЫРЛАР» СӨЙКЕС 30-ДАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНДІ. ҚАУІПСІЗДІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЙНІТҚЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚУБЫРЛАР ЖАТПАЙТЫН КЕЗ-КЕЛГЕН ОБЪЕКТТЕРДІ САЛТУА ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ</b></p> | <p><b>ЕСКЕРТУ</b></p> <p><b>ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:</b></p> <p>Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• таны белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін аустыруға, үюге және сындыруға;</li> <li>• кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін күшеіту пункттерінің қақпақтарын, қақпақтарын және есіктерін, желілік арматураның торап қоршауларын, қағиы және дренажды қорғу стансаларын, желілік және қару құдықтары мен басқа желілік құрылыстарды ашуға, қрылдан мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге;</li> <li>• түрлі қосым орындарын жасауға, қашықалдар, тұздар мен сілтілердің ертіңділерін төгуге;</li> <li>• жаға бекіту имараттарын, су өткізу құрылыстарын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құбылу мен тасымалданатын өніммен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылыстарды) бұзуға;</li> <li>• әкірлерді суға тастауға, суға тасталған әкірлермен, тібөктермен, сүйрет-пелермен және тралдармен өтуге, теректіңіп казу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге;</li> <li>• от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға.</li> </ul> <p>Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында <b>«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсатымен:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайластыру және пайдалану тәртібін келісетін магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының откелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қимылдарын орналастыруға;</li> <li>• бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жырылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агроэкономикалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісімеген қандай да бір жұмыстарды орындауға;</li> <li>• магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойында магистральды құбырларға орта қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға;</li> <li>• кез-келген құрылыстар мен ғимараттарды салуға;</li> <li>• автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақта-</li> </ul> |
|--|--|

Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет: «ҚазТрансОйл» АҚ Павлодар мұнай құбыры басқармасы 140004, Павлодар қ., Солтүстік өнеркәсіптік аймақ. Тел.: 8 (7172) 55-52-57 – №7 техникалық учаскесінің БДБ диспетчері; Павлодар қ.: 8 (7182) 73-43-64 – «Павлодар» БМАС ауысым бастығы; 8 (7182) 73-32-41, Факс: 8 (7182) 73-32-42 – Павлодар МКБ бастығының қабылдау бөлмесі. «ҚазТрансОйл» АҚ Қарағанды мұнай құбыры басқармасы 100026, Қарағанды қ., Гаев көш., 4/3 Тел.: 8 (7172) 55-52-57 – №7 техникалық учаскесінің БДБ диспетчері; 8 (71030)2-60-95 – «Агасу» БМАС-тың операторы, 8 (7212) 98-22-41, Факс: 8 (7212) 98-22-42 – Қарағанды МКБ бастығының қабылдау бөлмесі. «ҚазТрансОйл» АҚ Жезқазған мұнай құбыры басқармасы 100600, Жезқазған қ., Ескі уезжай аял., Тел.: 8 (7172) 55-52-55 – №5 техникалық учаскесінің БДБ диспетчері; 8(7102) 925-255 – «Құмкөл» БМАС ауысымының бастығы-кезекші; 8 (7102) 925-241, Факс: 8 (7102) 925-242 – Жезқазған МКБ бастығының қабылдау бөлмесі.

● СӨТ ЖҮЙЕСİNДЕ

# Алқаби болу – жауапты міндет

Билер соты – дала демократиясының қас үлгісі болғаны, қара қылды қақ жарып, әділет орнатқаны тарихтан аян. Ал, қазіргі алқабилер төрелігі – қарапайым халық өкілдерін сот билігіне ұйыстыруға сен. Алқаби болу – әр азамат үшін құрмет пен жауапкершілік.

Алқаби сот төрелігін жүзеге асыру кезінде белгілі процессуалдық тұлғаға айналады. Олардың қатысуымен қаралатын істерге байланысты туындайтын қиыншылықтар мен өзекті мәселелердің біршамасы бұқаралық-ақпарат құралдарында ұдайы көрініс тауып жүр. Халық естүін естігенімен, билер сотына өзі қатыспауы көзі жетпей жатады. Мұның өзі кеңінен ақпараттық насихатты қажет ететінеді.

**Ерғанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сөзіміздің айғағындай, алқабилердің қатысуымен кезекті семинар-кеңес өткізілді. Қарағанды облыстық сотының ғимаратында өткен ауқымды шараға Қарағанды облыстық сотының төрағасы Ерден Әріпов, Қарағанды облысының прокуроры Бауыржан Мырзақеров, ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының доценті Динара Найманова, Қарағанды облысының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Рашид Нұрмағамбетов, Қарағанды облыстық сотының судьялары, Қарағанды облысының қылмыстық істер



бойынша мамандандырылған ауданаралық сотының судьялары, аумақтық прокурорлар және Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері қатысты. Кеңес «Алқабилердің қатысуымен мемлекеттік айыптауды қолдау ерекшеліктері» тақырыбында өрбіді. Шара Қарағанды облысы прокуратурасымен Қарағанды облыстық сотының жүйесінде алқабилер қатысатын істердің шеңберінде өткізілді.

Облыс прокуроры Бауыржан Мырзақеров биылғы жылдың I қаңтарынан бастап алқабилер сотының құзыреті 30 қылмыс құрамына дейін кеңейтілгенін, келесі жылдан бастап аса ауыр қылмыстар бойынша ғана емес, басқа да санаттар бойынша істерді қарау жоспарланғанын тілге тиек етті. Облыстық сот төрағасы Ерден Әріпов мемлекетімізде адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған бірқатар құқықтық реформалардың енгізілгеніне тоқталды. Семинар әрі қарай студенттер арасынан алқабилер құрамы таңдалып, қылмыстық процессті модельдеумен жалғасын тапты.

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

# Көпбалалы аналар баспаналы болды

Мемлекет басшысының халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы тапсырмасына сәйкес Балқаш өңірінде ауқымды жұмыстар атқарылуда. Жақында балқаштық көпбалалы алты ана-терлі болды. Пәтер кiлттерiн салтанатты түрде тапсырған шаһар басшысы Қайрат Амангелдіұлы ел демографиясының өсуіне үлес қосып жүрген аналарға барлық жағдай жасалатындығын атап өтті.

**Нүрдос КӘРІМ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»




– Көпбалалы отбасылар мәселесі назардан тыс қалмайды. Көмек, мейлінше, әрбір мұқтаж отбасыға көрсетіледі. Мемлекетіміз көпбалалы аналарды үй алу кезегіне жеке қойып қолдау танытып отыр. Облыс әкімінің бастамасымен бүгін көпбалалы аналар баспаналы болды. Биыл көктемде бірнеше үй аналардың игілігіне берілді, – деді Балқаш қаласының әкімі Қайрат Амангелдіұлы.

Баспаналы болған көпбалалы аналар Анар Бейсенбекова, Әсел Шынбаева, Гүлден Тілеубекова, Келбет Совет, Жанерке Шәкішева, Алуа Тауғановалардың қуанышында шек жоқ. Әсіресе, Жанерке Ерболатқызы осы күнді көптен күткен екен.

– Бесінші кішкентайымызды күтіп жүрміз. Бізге ерекше қолдау білдірген қала әкіміне, қалық әкімдіктің өкілдеріне алғысым шексіз. Енді Қоңырат шағын ауданында төрт бөлмелі үйге қоныстанамыз. Әр баланың өз несібісі бар. Барлық баспаналы болған отбасылардың қонысы құтты болсын, – дейді Жанерке Ерболатқызы.

Айта кетейік, бұл жолы көпбалалы аналарға Қоңырат шағын ауданынан екі, Балқаш стансасынан төрт үй берілді.



**Электрондық пошта:**  
**ortalyk.kaz@mail.ru**

● ӨНЕР ӨРІСІ

# Ұрпақтар сабақтастығы

Ақпанның 3-і Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің бейнелеу өнері және дизайн кафедрасы студенттерінің шығармашылық жұмыстарының көрмесі өтті. «Ұрпақтар сабақтастығы» деп аталған көрме Облыстық бейнелеу өнер мұражайында өтті.



Көрме сәндік-қолданбалы өнердің әртүрлі стильдік бағыттарында ұсынылған. Шеберлік-тастар алуан түрлі тәсілдер студент жастардың шығармашылық әлеуетінің қаншалықты өскенін көрсетеді. Идеалдық мазмұны қазақтың ою-өрнегі, дала үні және шығыс мәдениетіне бағытталған.

Алдағы уақытта тек бейнелеу өнері емес дизайн шығармашылық жұмыстарына да көрме арналады деп мәлімдеді кафедра оқытушылары. Бұл жерде студенттердің Отанға деген сүйіспеншіліктен туындаған кескіндеме графиктері бейнеленген.

Университеттің көркем графика саласында жарты ғасыр бойы жұмыс жасап келе жатқан Лариса Золотова өз студенттерінің жұмысы жайлы ойын білдірді:

«Қазақстан ерекше мемлекет. Біздің елде батыстың да, шығыстың да мәдениеті мен эстетикасы тоғысқан. Мені студенттер өз жұмыстарында салт-дәстүрден алшақ кетпегені қуантады. Көрмедегі шығармашылық жұмыстарда дәстүрлі мәдениет пен жаңа мәдениет біріге керемет көрініс берді».

Өз тілшімізден

● БАЙҚАУ

# Кәсіптік білім – келешек кепілі

Жуырда «Қазақмыс» корпорациясының политехникалық колледжі базасында «Jasskills Kazakhmys 2023» ерте кәсіптік бағдар беру және Балқаш өңірінің оқушыларын кәсіптік даярлау шеңберінде чемпионат өтті. Шараға Балқаш қаласы әкімдігінің, «Талау» КЕАҚ, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС өкілдері, Қарағанды облысында Білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік әріптестер, Балқаш өңірінің жұмыс берушілері мен мектеп директорлары қатысты.

**Нүрдос КӘРІМ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Чемпионатта ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен «Талау» КЕАҚ Қазақстандағы WorldSkills ұлттық операторы болып белгіленді. Бұл іс-шара Қарағанды облысында алғаш рет WorldSkills критерийлері бойынша қаламыздың және жалпы өңірдің оқушылары арасында ерте кәсіптік бағдар беру аясында ұйымдастырылды.

Жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға негізделген халықаралық жобаның мақсаты – жұмысшы мамандығын дәріптеу, танымылығын және қоғамдағы беделін арттыру, өндіріс орындарындағы жас мамандарды, мектеп оқушыларын, студенттерді, ата-аналарды, бизнес өкілдерін жұмысшы мамандығына тарту.

– Біз бұл байқауды көп жылғы тәжірибеге сүйеніп, студенттерге, оқушыларға кәсіби бағдар беру, кәсіпке икемдеу, жұмысшы мамандықтарын дәріптеу, қазіргі және болашақ кәсіби қузыреттіліктерді игеру үшін жаңа мүмкіндіктер жасау мақсатында ұйымдастырып отырмыз. Іс-шараға «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС қолдау білдірді. Ерте кәсіби бағдарлау жүйесі және жаңа технологияларды жас ұрпаққа сіңіру арқылы келешекте мықты мамандарды дайындайтын боламыз. Сондықтан, бірнеше жылдан бері мектептермен кәсіптік бағытта жұмыс жасап келеміз, – дейді «Қазақмыс» кор-



порациясының политехникалық колледж директоры Айгүл Сыздықова.

Чемпионат барысында үздіксіз оқыту мен жаңа кәсіптерді игеру қажеттігіне ерекше назар аударылды. Отандық кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін

шер Павликке, II орын Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицейінің оқушысы Кристина Бориковаға, III орын Бауыржан Момышұлы атындағы мектептің Нұрлан Қариевке бұйырды. Ал, «Дәнекерлеу іс» қузыреттілігі бойынша Сәкен Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясының оқушысы Мадияр Сапарғалиев I орынды, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына арналған мектеп-интернатының оқушысы Самат Әбдікәрім II орынды, Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицейінің оқушысы Владимир Ходаков III орынды еншіледі. «Металлургия» қузыреттілігі аясында «Зияткер» мамандандырылған мектеп-лицейінің оқушысы Нұртілеу Тілеуқылы I орынды, №3 мектептің оқушысы Расул Гранкин II орынды, «Зияткер» мамандандырылған мектеп-лицейінің оқушысы Аяулым Ерімбетова III орынды иеленді. «Слесарлық-жөндеу жұмысы» қузыреттілігінде №4 мектептің оқушысы Ратмир Гильфанов үздік шығып I орынға тұрақтады. Сондай-ақ, №5 мектептің оқушысы Бекбоға Бөкен II орын, Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейінің оқушысы Әбілмансұр Берікжан III орын тұғырынан көрінді.

Барлық қатысушыларға дипломдар және бағалы сыйлықтар, сертификаттар табыс етілді. Іс-шара соңы концертке ұласты.

**БАЛҚАШ**

**Жаңалықтан құр қалмаңыз!**

**«ОРТАЛЫҚТЫ» САЙТТАН ДА ОҚЫҢЫЗ**

**www.ortalyq.kz**

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері, белгілі жазушы, қоғам қайраткері, Шет ауданының құрметті азаматы **Кәмел ЖҮНІСТЕГІНІҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.





• ПРЕМЬЕРА

# «Қаныш» фильмі – Қарағандыда

2 ақпаннан Қазақстан кинотеатрларында «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының тапсырысымен түсірілген «Қаныш» көркем фильмі көрсетіле бастағаны белгілі. Шығармашылық топ Астана мен Алматы қаласындағы премьерадан соң, кеншілер қаласы – Қарағандыға атбасын бұрып, Сарыжайлау кинотеатрында қазақтан шыққан тұңғыш академик жайлы тұңғыш фильмді көрерменге таныстырды. Жазушы Медеу Сәрсекеннің «Қазақтың Қанышы» романының желісімен түсірілген көркем фильмге Қарағанды қаласындағы үш театрдың бірнеше актері түскен.

Назым ДУТБАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Тұсаукесер алдында шығармашылық топ бұқаралық ақпарат құралдарына пресс-конференция өткізіп, түсірілім барысы жайлы айтып берді.

Фильм режиссері Ерлан Нұрмұхамбет «Біз осы фильм арқылы халқымыздың тарихындағы ерекше тұлғалардың жолын көрсетуге тырыстық. Қаныш отбасындағы қайғылы оқиғаларға қарамастан, халқына қызмет етіп, тер төкті, ғылыммен айналысты. Жастарымыз солардан үлгі-өнеге алып, отбасы, халық пен ел игілігі үшін еңбек етсе екен деймін» – деді. Оның айтуынша, алғаш толықметражды фильмге арналған материалдар 3,5 сағат болған. Бір

сериялы фильм үшін ол өте ұзақ және америкалық фильмдердегідей әсер берудің де реті жоқ, фильм тарихи тұлға жайында болғандықтан шығармашылық топ оқиға болған кезеңнің сипатын сенімді етіп беруге тырысқан.

Түсірілім Астана, Алматы қалаларында, Алматы және Қарағанды облыстарында Қарсақпай елді мекені, Ұлытау, Сәтбаев қаласы және соларға іргелес аумақтарда, Қаныш Сәтбаевтың туған жері Баянауыл ауданы, Теңдік ауылында жүргізілген. Түсірілім тобы Алматы, Павлодар, Қарағанды облыстарындағы ғалымға арналған атақты мұражайлардың барлығын аралап, Керегетас өңірінде далаға сол

уақыттың құрал-жабдықтары, тұрмыстық керек-жарактарын қойып, киіз үйлер тігіп, тұтас бір ауыл жасап шыққан.

Фильмді түсірген «Ara Media Group» студиясының бас продюсері Айгүл Байбектің айтуынша, фильм желісіне 1926-1934 жылдарда елсіз Қарсақпай жерінде Қаныш Сәтбаевтың күш-жігерімен әлемдегі ең бай тау-кен өндірісінің қалай ашылғандығы туралы тарихи оқиғалар арқау болған. Ол ашаршылық жылдардағы Қаныштың өз мүддесінен бұрын елдің ертеңін ойлап әрекет еткенін және рухын көрсетуді мақсат еттік, дейді.

Продюсердің айтуынша, Астанадағы өнер

университетінің жанында үлкен павильон салынып, Мәскеудегі сахналар сол жерде түсіріліпті.

Сернал мен фильмді жасауға Eurasian Resources Group (ERG) мен «Қазақмыс» холдингі қаржылық қолдау көрсеткен.

Астана қаласындағы премьер кезінде «Қазақтың Қанышы» кітабының авторы, қаламгер Медеу Сәрсекен «Қаныш аға туралы бұл фильм баяғыда жарыққа шығуы керек еді. Ама не, ештен кеш жақсы дегендей, жуырда жасалып, көптен күткен көрерменнің көзайымына айналып отыр. Фильмнің бағасын көрермен айтар... Мен өзім осы туындының дүниеге келгеніне қуаныштымын! Шамам келгенше көмектестім. Көрерменге ой салар, ғұмыры ұзақ туынды болсын! Қаныш ағаның тағдыры, өмір жолы, атқарған еңбегі, барлығы – халқымыз үшін әрқашан да өнеге!» – деген ойын айтыпты.

Ал Қарағандыдағы тұсаукесерге фильм режиссері – Ерлан Нұрмұхамбет, продюсерлері – Айгүл Байбек, Әсел Ержанова, Қаныштың әйелі Таисияның ролін сомдаған – Анна Оразбаева, Қарағанды қаласындағы С.Сейфуллин атындағы академиялық драма театрының актері, Мәдениет саласының үздігі Мадияр Қойшығарин, К.Станиславский атындағы орыс драма театрының актері, облыс әкімі сыйлығының лауреаты – жыл актері Андрей Валериевич, Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы сыйлығының иегері – жыл актері Алексей Алексеевич, жас әрі жетекші актер – Вадим Данилович, Теміртаудағы жасөспірімдер театрының актері – Владимир Хомутов, Михаил Маскалюк, Валентин Бухонов және Роман Гужель қатысты.

Фильмнің ұзақтығы 101 мин, жас көрсеткіші 12+, Басты рөлдерде: Әсет Есжан, Анна Оразбаева, Айдос Әуесбаев, Максим Горбанев. «Қаныш» киносы шет елдердегі бірнеше халықаралық марапатқа ие болды. Атап айтсақ, 2022 жылғы желтоқсан айында Буэнос-Айресте (Аргентина) өткен «Literature in Cinema» халықаралық кинофестивалінде «Үздік фильм» жүлдесін алса, биылғы қаңтарда «Yıldız» фестивалінде «Athvkvvaruni International Film Festival» халықаралық кинофестивалінде үш номинация («Best asian feature film», «Best concept», «Best environment/nature feature film») бойынша үздік атанған.

• ГРЕК-РИМ

## Үш алтын, бір күміс, үш қола

Алматы қаласында өтіп жатқан грек-рим күресінен ҚР спартакиадасында Қарағанды облысының спортшылары үш алтын, бір күміс, үш қола медаль еншіледі.

Боз кілемде белдескен жерлес жеті спортшының бірдей бағы жанғаны аймақтағы спорт дамуының бірден-бір көрінісі. Алаңға алғаш шыққан Эльмира Сыздықова 76 келі салмақта қарсыласын қапы қалдырды. Әуелден Эльмираның қарқыны қарсыластарға қарағанда анағұрлым басым еді. Мұны төрешілер де байқады. Жалпы ел спортшылары ішінде грек-рим күресінен 76 келіде Эльмира әзірге қарсылас мойындамай тұр. Одан бөлек алты қарағандылықтың жеңісі жанкүйерлердің қызу талқысына түсті. Айта кетсек, 67 келіде Ибрагим Магомедов, 72 келі салмақта Алмат Кебісбаев. Күміс көмкерілген алқа тағынған 97 келідегі Ерғұлан Ысқақовтың күресі де көпшілік көңілін жайландырды. Сондай-ақ, қола алып назардан тыс қалмағандар 50 келіде Ирина Жаныбекова, 55 келіде Зұлфия Яхьярова, 72 келіде Ақмарал Азанқызы болды.



• ДЖИУ-ДЖИТСУ

## Жас түлектер жарқылдады

Қарағанды қаласының С.Сәипев атындағы бокс орталығында өткен «Karaganda Open BJJ Championship-2023» халықаралық джиу-джитсу турнирінде қазақстандық спортшылар жеңіске жетті.

Жыл сайын болатын турнир, осымен төртінші рет өтуде. 12 елден жиналды спортшылар. 65 спорт клубы бар. 5 жастан бастап аға буынғы спортшылар арасындағы жеке-жеке өтіп жатыр. Спортшылардың жеңіске құлшынысы жақсы, жарыс соңында нәтижесін көреміз, – деді облыстық джиу-джитсу федерациясының президенті Аян Шермағанбетов.

1000-нан астам спортшы жиналған дүбірлі дода өте тартысты өтті. Атап айтар болсақ, АҚШ, Үндістан, Ресей, Беларусь, Украина, Армения, Әзірбайжан және Түркия спортшылары бақ сынасқан аталмыш сайыс екі күнге созылды. Жалпы, командалық болсын, жеке-шеленген жеке-жеке де жерлестер жеңісті қолдан бермеді. Турнирдің бастапқы кезеңінде алаңға шыққан жасөспірімдер айқасында қазақ балаларының жеңіске барын салғаны көрініп-ақ тұрды. Қарсылас партерде (жерде) ауырту әдісін қолданса да Әбілмәңсүр Серікбаев мойымастан шыдап, айласын асырып қарсыласын тізе бүктірді. Жалпы, командалық есепте де жерлестер жасындай жарқылдап есе жібермеді. Сонымен, Қазақстан құрамы I орын алса, Ресей командасы II орынға тұрақтады. Ал, үндістандық спортшылар III орынды қанағат тұтты.

• БОКС

## Алтынды тұғырға жақындады

Марокконың Марракеш қаласындағы бокс турнирінде тағы қос отандасымыз жеңіске жетіп, алтынды тұғырдың аймағына бір қадам жақындады.

Бұл «IBA WORLD BOXING TOUR GOLDEN BELT SERIES» турниріндегі айтулы сәт. 50 келіде иорданиялық Әлхасанат Силинамен қолғап түйістірген біздің Назым Қызайбай төрешілер шешімімен жеңіске жетті. Ал, 54 келідегі сында Жайна Шекербекова Мозамбик өкілі Реджина Макаренгуды 5:0 есебімен тізе бүктірді.

Дайындаған  
Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

• БЕЙБАРЫС СҰЛТАННЫҢ ТУҒАНЫНА – 800 ЖЫЛ

## Аңызға айналған баһадүр

Мысырдағы Мәмлүк мемлекетінің төртінші сұлтаны Дешті Қыпшақ даласының даңқты перзенті Бейбарыс сұлтанның 800 жылдық мерейтойына орай Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап кітапхананың оқу залында «Ұлы даланың ұлы есімі» тақырыбында иллюстрациялық кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен бірге, кітапханашылар «Қарағанды тамақтандыру және сервис» колледжінде ақпараттық сағат өткізді.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Сұлтан Бейбарыс – түркі халықтарына ортақ тарихи тұлға. Мәмлүктер арасынан ержүректігі, ақылдылығымен көзге түсіп, құлдықтан таққа көтерілген ұлы қолбасшы.

Іс-шара Сұлтан Бейбарыстың XII ғасырдың ортасында Ұлы Даладан тағдырдың жазуымен барып, 20 жыл Мысыр мен Шам еліне билік жүргізгені туралы тарихи және әдеби мұралармен жас ұрпақты таныстыра отырып, патриоттық тәрбие беруді көздеді.

Жиында кітапханашылар кітап көрмесіне қойылған Қ.Сәйдің «Сұлтан Бейбарыс» (Алматы, 2000 ж.), Т.Жұртбайдың «Дулыға» (Алматы, 2007 ж.), Р.Отарбаевтың «Айна-ғұмыр» (Астана, 2013 ж.), Б.Кумековтің «Сұлтан Бейбарыс. История, личность, время» (Алматы, 2004 ж.) еңбектеріне жан-жақты шолу жасап, жастарды қызықтыра түсті.

Бұл кітаптарда абырой, ар мен намысты жоғары қойған ержүрек Бейбарыс туралы әңгімелеп, айбынды қолбасшы, дана билеуші, өз ұлтының адал ұлы, бөтен жерде жүрсе де өзін жат сезінбеген қиындыққа толы өмір жолы туралы бұрын қазақ оқырманына белгісіз болып келген тың деректер қамтылған. Қазақ даласында туған баатыр бабамыз жайлы 1967 жылы жарияланған қазақстандық жазушы Морис Симашконың «Жусан» (Алматы, 1998 ж.) атты тарихи повесі елдің ерекше ықыласын аударды.

Сонымен қатар, «Жусанның иісі – туған даланың иісі» және «Бөтен елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген ұстаным туған елге деген сүйіспеншіліктен, сағыныштан тұса керек» деген өзіндік ой-пікірін айтып, тарихи-танымдық викторина сұрақтарына қызыға жауап берді.

• БӨРЕКЕЛДІ!

## «Жайдарман» – жастар алаңы

Бүгінде «Жайдарман» ойыны жастар арасында қарқынды дамуда. «Жайдарман» – жастарды тәрбиелеп қана қоймай, қоғамдағы келенсіз мәселелерді астарлы әзіммен жеткізу еді. Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебінің 10-сынып оқушыларынан құралған «Ерке қыздар» командасы «Маусымашар – 2023» Jaidarman junior фестивалінде жоғары деңгейде өнер көрсетіп, келесі кезеңге жолдама алды.

«Ерке қыздар» құрамы – Ақмарал Аманолла, Айгерім Болат, Ақмарал Дәкәрімова, Айым Мұратбек, Дина Нұрымхан, Аружан Тишбек, Жансая Тұяқ, Айша Ыбыкен есімді арулардан құралған. Команда «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбында өткен аудандық байқауда гуманитарлық ғылымдар магистрі, тарих пәні мұғалімі Жұлдыз Манарбектің жетекшілігімен облыстық кезеңге жолдама алған болатын. Бұл жолы да арулар жүрісінен жаңылмады. Облыстық кезеңде бақ сынаған 16 команда ішінде «Ерке қыздар» тобы II орынды иеленіп, республикалық жайдарман ойындарына жолдама алды. Сонымен қатар, Саран қаласында ұйымдастырылған Саран қаласының әкімінің жүлдесіне арналған аймақтық «Жайдарман» фестивалінде жүлделі I орынды иеленіп, қос жүлдені қанжығалап қайтқан еді.

Бұл жолы «Қазақстан ҚТА одағы» Респубикалық жастар қоғамдық бірлестігі 29 қаңтар мен 5 ақпан аралығында Астанада өткен «Жайдарман» ойындарының 2023 жылғы маусымның ашылуында өнер көрсеткен «Ерке қыздар» тобы «Маусымашар – 2023» Jaidarman junior фестивалінің келесі кезеңіне жолдама алды.

«Ерке қыздар» командасы тек мектептің емес, ауданның мақтанышы. Алдағы ойындарына сәттілік тілеп, келесі кезеңге сурінбей өтуіне тілектеспіз!

Жазира ҚАЛИЕВА,  
Ә.Бөкейхан атындағы  
тірек мектебі  
(РО) жанындағы интернаты  
КММ-нің  
әлеуметтік педагогі

